



**"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери институты"
мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 1153 Қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.12.2016 № 755 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.29 N 806 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шет ел тілдері әскери институты" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 754 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери институты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.29 N 806 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 5 қарашадағы
N 1153 қаулысымен
бекітілген

**"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің
Әскери институты" мемлекеттік мекемесі туралы
ереже**

Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.29 N 806 Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери институты (бұдан әрі - Институт) жоғары әскери кәсіптік білім берудің білім бағдарламаларын іске асыратын, сондай-ақ қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын әскери оқу орны болып табылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.29 N 806 Қаулысымен.

2. Институт өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Институттың мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында Жауынгерлік Туы, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі, белгіленген үлгідегі мөртаңбалары мен бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

Институт азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

4. Институт өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Институт бастығының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Институттың құрылымын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітеді.

6. Институттың заңды мекен-жайы: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жароков көшесі, 210.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.29 N 806 Қаулысымен.

7. Институттың толық атауы: "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери институты" мемлекеттік мекемесі".

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.29 N 806 Қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Институттың мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын іске асыратын орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады.

9. Институттың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен жүргізіледі.

2. Институттың мақсаты, міндеттері және функциялары

10. Институттың мақсаты жоғары әскери кәсіптік білім берудің білім бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру болып табылады.

11. Институттың міндеттері мыналар болып табылады:

1) жоғары әскери арнайы білімі бар офицер кадрларын даярлау, сондай-ақ шет мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқыту үшін әскери қызметшілерді даярлау;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының әскери қызметшілерін және азаматтық персоналын қайта даярлау және жетілдіру;

3) тәрбиелеу процесін ұйымдастыру.

12. Институт халықаралық келісімдерге (шарттарға) сәйкес басқа мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың қарулы күштері үшін әскери қызметшілер мен азаматтық персоналды даярлауды жүзеге асыруы мүмкін.

13. Институт курсанттарды тізбесі білім саласындағы орталық атқарушы органмен келісілетін мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес азаматтық мамандықтарға оқытуды жүзеге асыруы мүмкін.

14. Көрсетілген міндеттерге қол жеткізу үшін Институт мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жоғары және орта әскери кәсіптік білім берудің білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасайды;

2) терең әскери арнайы білім, қатаң дағды мен машық қалыптастыруды қамтамасыз етеді, жоғары кәсіби қасиеттерін пысықтайды;

3) патриоттық, әскери антқа адалдық сезіміне тәрбиелейді және адамның шығармашылық, рухани және табиғи мүмкіндіктерін дамытады, адамгершіліктің, әскери этика нормаларының, тәртіптілік пен ұйымшылдықтың берік негіздерін қалыптастырады.

3. Институттың қызметін ұйымдастыру

15. Институт:

1) жоғарғы оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес азаматтарды Институтқа қабылдауды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу және тәрбие қызметін жүзеге асырады;

3) білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысанын, тәртібі мен мерзімін өздері таңдайды;

4) азаматты қабылдау кезінде оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін осы Ережемен, білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиямен және қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстырады;

5) жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларды, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлейді және бекітеді;

6) ішкі тәртіп ережесін әзірлейді және бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді.

16. Институтты басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Институтта басқарудың алқалық органы көзделеді, ол туралы ереже оны сайлау тәртібін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

17. Уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлері мен әскери құрамаларының қажеттіліктеріне сәйкес мамандықтарды және курсанттар қабылдаудың жыл сайынғы жоспарын белгілейді;

2) Институтқа берілген мүліктің тиімді пайдаланылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

18. Институт қызметкерлерінің штатын жасақтау тәртібі, еңбекақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Институтқа тікелей басшылық жасауды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі тағайындайтын және босататын Институттың бастығы жүзеге асырады.

20. Институт бастығы Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министріне бағынады.

21. Институт бастығы дара басшылық қағидатымен әрекет етеді және Институт қызметінің мәселелерін лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес дербес шешеді.

22. Институт бастығы басшылық жасауды жүзеге асыру кезінде заңнамада белгілеген тәртіппен:

1) барлық ұйымдарда Институттың мүддесін білдіреді;

2) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган тағайындағандардан басқа, Институт қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) Институт қызметкерлеріне көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады;

5) өзінің орынбасарлары мен Институттың өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері аясын айқындайды;

6) Институттың қаржылық және шаруашылық қызметіне басшылық жасайды;

7) оған заңнамада, осы Ережеде жүктелген және уәкілетті орган жүктеген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Институттың мүлкі

23. Институттың жедел басқару құқығында негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Институттың теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұратын оқшауланған мүлкі болады.

24. Институттың оған бекітіп берілген мүлікті және смета бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өздігінен иеліктен шығаруға немесе өзге әдіспен оған иелік етуге құқығы жоқ.

5. Институтты қайта ұйымдастыру және тарату

25. Институтты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.